

БАДА

Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университетінің газеті

2004 жылдың наурыз
айынан шығады

«Достық-дружба» фестивалі

30 сәуірде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің акт залында Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV облыстық «Достық-дружба» фестивалі салтанатты түрде ашылды.

Фестиваль қонақтары өздерін қарсылап алған университет ректоры Қ.Қ. Бозымовпен бірге оқу орнының ауласында арнайы жасакталған стендті тамашалады.

Барлық қазақстандықтар үшін татулық пен достықтың нышанына айналған Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ұйымдастырылған бұл фестиваль жыл бойы түрлі кәсіпорындарда,



оқу орындарында, ауылдық жерлерде, аудандар мен қала аумағында өткізіліп, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында өз мәресіне жетпек.

Алғашқы құттықтау сөз Батыс Қазақстан облысының әкімі, Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н.А. Ноғайевқа берілді. Содан соң облыс басшысы елімізде ұлтаралық бірлік пен қоғамдық келісімді орнатуға қомақты үлес қосқан бір топ азаматқа және достық пен татулық тақырыбын насихаттағаны үшін өңірлік басылымдардың журналистеріне мемлекеттік және Қазақстан халқы Ассамблеясының атынан берілген марапаттарды табыс етті.

Шара соңы қасиет дарыған құтты мекенді қоныстанған әртүрлі ұлт өкілдерінің мерекелік концертіне ұласты.

